

Ясиның ҚҰМАРҰЛЫ

КӨШПЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ
ЖЫЛҚЫ МӘДЕНИЕТІ

В статье говорится о влиянии культуры коневодства кочевников Евразии на культуру Средней равнины древнего Китая, отсюда мы видим неясные стороны культуры коневодства у кочевников, особенно у тюркских кочевников.

Makalede Avrasya göçmenleri at kültürünün eski zamanlarındaki Çin'in Orta düzündeki kültüre olan etkisi söylenmiştir. Aupsa türk göçmenlerin at kültüründeki bu zamana kadar bilişmeysen dətəylan görmek mümkündür.

Евразия (Eurasia) даласы – шығысы Һінгтан тауларынан басталып, батысы Дунай дариясына тірелетін, солтүстік ендік 38-55 градус аралығындағы Алтай тауын оргалық етіп, шығыс және батыс бөлікке бөлінетін, ұзындығы он мың, ені бес мың шақырымнан асатын жанға жайлыш, шұрайлы қоңыржай алқап. Бұл ғылымда адамзат және адамзат мәдениеті пайда болған өңірлердің бірі саналады. Адамзат мәдениетіндегі ең бір гажайыш, дәуір бөлгіш жақалық жылқының қолда үйретілуі мен арбаның тапқырлануы дәл осы Евразия даласының Қазақ сахарасында болды.

Көшпелілер мәдениетін тағы бір қырынан салыстырмалы түрде жылқы мәдениеті деп айтуда да болады. Өйткені жылқы көшпелілер өмірінің бір бөлегі іспетті. Жылқы көшпелілердің табыну нысанасы, ардактау нышаны, ләззат көзі, эстетикалық қайнары, мінсе көлігі, қиналса серігі, шаттанса сауығы, шөлдесе сусыны, ашықса азығы, тіріде қанат-құйрығы, өлгенде тулы, жолдасы, сән-салтанат, айбаттың белгісі, күш сынласар қаруы, маҳаббаттың дәнекері, қайғы-шерді сейілтүш болғаны баршаға аян. Қысқасы, көшпелілер өмірі – ат жалындағы өмір, жылқымен тағдырлас өмір.

Евразия көшпелілерінің өмірінің, шаруашылығының, қоғамдық құмылдарының көп бөлігінің жылқымнен байланысты болғандығын Батыста Геродоттың, Қиыр Шығыста Сымашияның және басқа да арғы заман тарихшыларының жазып қалдырган тарихи деректерінен байқауға болады. Ал, бұндай дәріштеулер соңғы заман авторларының аузынан тіпті де жиі ұшырайды.

Тарихи деректерге қарағанда, терістік көшпелілерінің арғы аталары сактар және басқаларда ең негізгі мал жылқы, ең басты азығы жылқы еті мен жылқы сүті (қымыз) болған. Геродот (б.з.б. 5 ғ. орталарында жасаған) Каспийдің шығысындағы байырғы Сақ тайпалары Сарматтар мен Скифтер туралы, олардың ірі қара мал бағуға, әсіресе жылқы өсіруге ерекше мән бергендейін, Скифтердің бүтін тіршілігі жылқымен байланысты болағандығын жазады. Көптеген байырғы Евразия этностары сүт ішкенімен, ол басты азық орында түрмаған, ал Сарматтар мен Скифтер сүті басты азық еткен. Сүт болғанда да бие сүтін ең негізгі азық ретінде тұтынған [1]. Ал,

шығыста байыргы Фұндар туралы: «...жасөспірмдері құс, тышқан дәлден садақ атуды үйренеді, ...жігіт-желені шетінен садақ асыныш атты сарбаз болады...» десе [2], Үйсіндер туралы оның жылқылы ел екендігін, байларында 4-5 мыңға дейін жылқы болатындығын баяндайды [3]. Геродоттан 12 ғасыр кейінгі сол сақтардың ұрпағы – қышшақтардың малының ішінде жылқысының мыңғырып есетіндігін, басты тағамның қымыз болғандығын, қымыздың көптігі жылқының көптігінен екенін, кейір байларда 10 мың бас жылқы болғанын Дешті Қыштақ даласында болған басқа авторлар да жазады [4].

Сол көшпелілердің соңғы ұрпақтары қазақ ұлты туралы қазақ жеріне сұргинге айдалған шоляқ теңкерісшісі Янушувич «Қазақтар ең алдымен еректі, содан соң жылқыны, үшінші кезекте әйелді құрметтейді» деп жазса, [5], XIX ғасырда өмір сүрген орыс этнографы К.Н. Калачев «Қазақтар уақытының көп бөлігін ат үстінде еткізеді. Дүниеде олар үшін бұдан артық ештеңе жоқ» деп естелік қалдырады [6].

Қазақ халқының жылқы құмарлығы мен жылқы мәдениетіне берілгендейгінің айғағын қазақ мақал-мәтелдері, бата-тілеулері, шеппендей сөздері сияқтыларынан да молынан жолықтыруға болады. Қазақ баталарында: «Алтын ерлі ақ боз ат, астында жүріп арысын. Қолаң шашты, қой көзді, таңдаң алған бұраң бел, қасында жатыш қарысын» деген сияқты бата жолдары жолығады. Қазақта Ақтайлақ би Қарауыл Қанай шептеннен: – Ер басында бақыт нешкеу, кемдік нешкеу? – деп сұрағанда, Қанай шептен:

«Астыңдағы атың жүйрік болса – жалғаның шырағы,
Алғаның жақсы болса – үйің мен қонағының тұрағы.
Балаң жақсы болса – екі көздің шам-шырағы,
Әкең – аскар, шешең – таудың бұлағы.
Мінеки, бес бақыт деген осы.
Атың шабан болса – дүниенің азабы,
Алғаның жаман болса – өмірдің тозағы,
Балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.

Мінеки, үш кемдік осы, – деп жауап берген екен. Міне, бұлардың барлығынан біз жылқы малының қазақ ұлтын қамтыған көшпелілер өміріндегі орнының қаншалық маңызды екендігін көре аламыз.

Осыған салыстырмалы түрде, қазіргі біз, ата-бабаларымыздың дүниенің төрт бұрышына жылқы мәдениетін қалай тарқатқанын құнтташ зерттеуді былай қойып, сол атадан балаға жалғасқан өз бойымызағы бұрыш-соңды сақталған жылқы мәдениетін де құнтташ, егжей-тегжейлі зерттей алған жоқ сияқтымыз. Бұдан өз мәдениетінді өзің жеткілікті танымай тұрып, оның басқаға жасаған әсер-ықпалын қайdan сезінерсің деген ой да келеді. Керісінше, көшпелілердің жылқы мәдениетінің Қытайдың орта жазығына

Құмарұлы Я. Қөшшелілер және Қытайдың орга жазық...

жасаған әсер-ықпалынан жылқы мәдениетінің аргы сораптарын да зертте, зерделей аламыз.

1. Жылқыны қолға үйрету, азықта, көлік орнында пайдалану

Жылқының қолда үйретілуі жөніндегі ең алғашқы дерек Қара теңіздің терістігіндегі Днепр (Dnieper өзені аңғарындағы орманды даланың б.з.б. 4300 - б.з.б. 3500 жылдар аралығындағы Сренд-Стог (Srend-Stog) мәдениетіне тән Деревка (Derevka) жұрттынан байқалған. Енді бірі – Қазақстанның солтүстігіндегі Ботай көне жұрттындағы жылқы сүйегінің үйіндісі. Уақыты б.з.б. 3500 жыл айналасы [7]. Бұл екі жұрттың жылқыларын қолда бағылған жылқы деушілер де, жабайы жылқы деушілер де бар. Осыдан басталған жылқы мәдениеті туралы зерттеулердің барлығы жылқының ең алғаш рет қолда үйретілуінен, көлікке пайдаланылуынан бастау алған жылқы мәдениеті өүелі Орта Азия және онымен шектескен терістік, батыс өцирлердегі Сактардың мекенінде пайда болыш, төңректің төрт бұрышына таралғандығын дәлелдейді.

Адамдар жылқыны қолға үйреткеннен бастап жылқы мәдениеті пайда бола бастады. Ол тұтас адамзат тарихын өзгергітті. Адамзатта мәдениеттің тұртқындысы ерекше мол болғанымен, жылқы қолда үйретіліп, көлік орнында пайдаланыла бастағаннан-ақ, адамзат мәдениетінің бет-бейнесінде бұрылыс туғызды. Адамзаттың көші-қоны, жортуыл-жорығы, барыс-келісі, хабар-опары, қозғалыс аумағы сияқтылардың барлығында өзгеріс болды. Соғыстың көлемі мен соғыс шаршитын аумақ та барышпа кеңейді. Информацияның тарайтын аумағы ұлтайды, таралу қарқыны тездеді. Жылқы жай көлік қана болған жоқ, ол жылқы мінген ұлттар мен ұлыстардың рухын ұптағады, жігерін шыннадады. Адамзаттың тәуекелшіл, қатаң, қағілезді, ширак, сезгір, қайсар, қажымақ, еркін мінез-құлық қалыптастыруына тұрткі болды. Соңдықтан да ат құлағында ойнаған көшшелілер тәуекелшілдікті, қатаандықты, қағілездікті, ширактықты, сезгілікті, қайсарлықты, еркіндікті сүйді, оған құмар болды, одан эстетика қалыптастыруды. Жылқы, жылқыға мінген адам жырға қосыла бастады. Терістіктің ат құлағында ойнаған көшшелілері ғана емес, Қытайдың орга жазығындағы бұл көлікке мініш көрмеген егінші тұрғындары да өлең-жырларында жылқыны жиі ауызға алатын болды.

Қытай жеріндегі жылқының ең алғашқы деректерін қазба барысында табылған жылқы сүйектерінен және ең байырғы қытай қиял-ғажап аныз-ертеғілерінен аңғарамыз.

Тарихтан бұрынғы замандардағы Евразия сахарасында жылқы ең өүелі азықтық үшін пайдаланылған. Ал, Қытай жерінде бұндағы өүелі азыққа пайдаланылып, онаң соң көлікке пайдаланылғанының археологиялық дерегі қазірге дейін жолықпады. Сары өзен алабы бұндағы барысты бастан кешірмеген. Қытайда үй жылқысы Шаң дәуірінің соңғы мезгілінде (Шаң дәуірі: б.з.б. XVII ғасырдан б.з.б. XI ғасыр аралығы) түйіксыз молынан

пайда болды. Дәл осы дәуірлерге тән археологиялық олжаларда, терістік Қытайдағы Шаң патшалығының соңғы мезгіліндегі астана орны – Хынаның Аняң Ин көне жұртынан және Шанши, Шандоң өлкелерінен тасаттыққа сойылған және көр жолдастыққа көмілген жылқы сүйектері табылды. Жануарлар археологиясымен айналысатын қытай ғалымдары Шаң дәуірінің алғашқы және орта мезгіліне тән көне жұрттардан табылған жануар сүйектеріне зерттеу жасағанда бірде-бір жылқы сүйегі байқалмаған. Қытайдағы ішкі монғұл өңіріндегі үңгірден көне тас дәуіріне тән бір жылқы сүйегі табылған. Ғалымдар оны азықтыққа пайдаланылған жылқының сүйегі деп қаралған [8]. Қытай жерінен табылған жаңа тас дәуірінің жылқы сүйегі тым мардымсыз. Бұлардың басым көбі Сары өзеннің орта және жоғарғы ағарындағы Гансу-чиңхай аумағына шоғырланған. Тарих дамып Лоңшан мәдениеті дәуіріне (Лоңшан 〈龙山〉 мәдениеті – Сары өзеннің орта-төменгі ағарларына тараған, жаңа тас дәуірінің ақырғы мезгілдеріне тән, б.з.б. 2900 жылдардан 1900 жылдар аралығындағы мәдениет) жеткенде, жылқы сүйегінің қалдықтары Сары өзеннің төменгі ағарларына дейін тараған. Алайда, бұлардың да саны тым шамалы болған. Соңдықтан ғалымдар бұларды да азықтық үшін ауланған жабайы жылқы сүйектері деп бағалады [8].

Сонымен Қытай жеріндегі арғы заманғы жылқы сүйектерінің ташшылығы мен үй жылқысының Шаң дәуірінің соңғы мезгілінде түйіксыз пайда болыш, жедел көбеюі мамандарды Қытайдағы үй жылқысының арғы төркінін батыс терістіктегі далалық өнірлерден іздеуге бастады. Қытай жері қола дәуіріне аяқ басқаннан кейінгі заманға төуелді жылқы сүйектерінің деректері және батыс терістіктегі жартылай далалық өнір болған Гансу-чиңхай алаптарынан табылыш отырды. Чижия (齐家: б.з.б. 2000 жылдардан басталады) мәдениетіне төуелді бірнеше жұрттан үй жылқысының сүйегі табылды. Одан сөл кейінгі Сыба (四霸) мәдениетінің жұртынан табылған жылқы сүйектері көбейе түсті. Сыба мәдениетіне тән көне жұрттардан көр жолдасқа қоса көмген қой, сиыр сүйектері молынан табылды. Бұл Сыба мәдениетінде мал шаруашылығының дамығандығынан, көлік жылқысының барлығынан дерек береді. Ал, Чижия мәдениетіне тән Хуошаугу (火烧沟) мәдениет жұртында жылқыны көр жолдасқа қоса көму құбылысы байқалды. Бұл Евразия жылқы мәдениетінің Қытай жеріне ене бастағандығы еді. Бұл арада айрықша аташ өтуге татитыны – осы алғашқы үй жылқысы мен жылқы мәдениетінің деректері байқалған Чижия, Сыба мәдениеттері мен батыс терістіктегі Евразия далалық көшпелілері мәдениетінің байланысы. Фылыми зерттеулердің нәтижесі Евразия дағы мәдениеттің орта жазыққа жеткізген дәнекер мәдениеттердің дәл осы арысы Яңашау (仰韶) мәдениетінен бері қарайғы, Чижия, Сыба және басқа да аттармен аталған батыс терістік

Құмарұлы Я. Көшілілер және Қытайдың орта жазық...

мәдениеттері екендігін дәлелдейді. Қытай жеріне батыс терістік Евразия даласынан келген алғашқы қола бүйімі және қолашылық өнері, алғашқы бидай, алғашқы терістіктің реңді гремикасы, алғашқы жылқы жегілген арба, алғашқы көлік жылқысы, алғашқы бейнелі жазу сияқтылардың барлығы дәл осы өңірдегі, осы мәдениет жүргіттерінан байқалыш отыр. Осы мәдениеттердің ұзын ырға басы б.з.б. 2000 жылдықтың бастарына тұра келеді. Демек осыдан 4 мың жыл інгері батыс терістікten келген атты-арбалы Сақ тайшалары Қытайдың батыс терістігінен орта жазығына дейін сұғыныш кірген. Сары өзен мәдениетің алғашқы алаудың жақын.

D.A.Black қатарлылардың зерттеуінше, тарихтан бұрынғы Гансу өңіріндегі адам бас сүйегін одан да орта жазыққа сұғынған Уйхы өзені (渭河) мен Яңшашау мәдениетінің адамдарымен салыстырығанда Гансудан табылған адам бас сүйектерінің түркі ұнді-европа типтіне өте жақын екендігін көрсетеді. Бұл тарихтан бұрын Гансу өңіріне ұнді-европа насылділердің келгендігін ұғындырады [9].

Америка қарастылығындағы қытай қандас әйгілі археолог Жаң Гуаңжы: «Хыши дәлізіндегі б.з.б.-ғы сан ғасыр бұрынғы мәдениет қалдықтары – Нұкістер мен Үйсіндердің тарихтан бұрынғы мәдениетін зерттеудің ең маңызды материалы. Егер бұл ұлыстардың Сыба немесе Шажин (沙井) мәдениетімен тікелей байланысы бар болса, сондай-ақ Нұкістер мен Үйсіндердің этникалық төркіні батыстағы Кавказдықтарға жуық болатын болса, онда бұл Сыба мәдениетінің төркіні мен Чижия мәдениетінің ұлттық тегімен байланысын анықтауда аса маңызды дерекпен қамдайды» дейді [10].

Ұнді ғалымы А.К. Нарайн (A. K. Narain) «Тарихтағы ең алғашқы ұнді-европалықтар» атты еңбегінде, Тохарлар мен Нұкістерді (月氏) алғаш қытай жеріне тараған деп қарайды. Ол Қытайдағы Чижия мәдениеті, тіпті, Яңшашау мәдениеті уәкілдік еткен мәдениет дәл Тохарлардың «ең алғашқы» мәдениеті, тохарлар сырттан келген «жат жүргіттықтар» емес, қайта сол жердің жергілікті тұргыны. Ол одан да арыға барып, ұнді-европа тілділер Қытайдан тараған болса керек, тохарлар сол «ең алғашқы» ұнді европа тілділердің бір тармагы ретінде, ата мекенінен ең акырғы көшкендер болуы мүмкін. Тохарлармен төркіндес «ең алғашқы» ұнді-европалықтардан Hittitestер мен Кентүм (centum) тіл тобындағылар болыш, олар осы өңірден осыдан бес, төрт мың жылдар бұрын батысқа қоныс аударған болуы мүмкін, яғни тохарлар – Нұкістердің, тіпті, тұтас ұнді-европа тілділердің ата жүрті Қытайдың терістігі деп қарайды.

Ғалымдар зерттеу арқылы тарихтан бұрынғы тарихи ақындағы айдаһар жеккен (ат жеккен) арбалы Хуанди ұлысының көшіп-қоныш жүрген аумағы Уишүй өзенінің терістігі, Шаншидің (陕西) орталық бөлегі және Гансу аумағы деп тұжырымдайды. Бұл дәл Қытайда ең алдымен қола мәдениеті пайдада болған Чижия мәдениеті өңірі. Сондықтан мамандар Чижия мәдениеті ақындағы Хуанди ұлысымен сәйкес келеді деп қарайды [11].

Қытайдың батыс терістігінде көшшелі мал шаруашылығымен шұғылданған Хуанди тайпасы алғашында Шуанюан (軒辕) деп те аталған. «Тау-төзішкіресі · Ішкі құрылыш батыс баянында»: «Шуанюан елі, ... адам басты, жылан денелі» деп жазылады [12]. Хуандиді білдіретін Шуанюаның қытайша жазылуы 轩辕 болыш, оның екі әріш де арбаны білдіретін 车 қосымшасымен қосылып жасалған. Бұның алдынғысы: 轩 – биік деген мағынаны, соңғысы: 轩 – арба дәртесі. Демек бұл жеке-жеке мағыналағанда биік арба дәртесі деген мағына шыгады. Бұл бір жағынан биік арба дегенді білдіреді. Сақтар – арбамен көшіп жүретін халық. Тарихи азыздарда баяндалуынша, Хуанди Тайшан (泰山) тауынан (Сарызен бойына) айдағар жегілген арбаға отырып, алдынан бері жол бастағ, артынан аруақ қолдағ, қорғап келеді (Ханфыйзі) [13]. Бұл Хуанди тайпасы Қытайдың орга жазығына батыс терістіктен келген сақтар дегенді одан ары растай түседі. Алғашқы арба жасагандар, жылқыны қолға үйретіш, арбаға жеккендер (қытайнұпша ғалымдарда ұлуды жылқымен байланыстырушылар да көп), бері иесі қолдағ, қорғайды, аруақ қолдағ, қорғайды деп сенгендер де терістік көшшелілері екендігі тарихтан азын-аулақ хабары бар адамдардың барлығына белгілі.

Қытай тарихында Хуанди мен Яндиден (Янди – Хуандиден бұрынғы орта жазықта егін шаруашылығымен айналысқан тайша көсемі) қалса, басты орында тұратын тағы бір маңызды кейішкер – Чыю (蚩尤). Чыюң азыздарда көбінде кейінгі тарихтарда суреттелген терістік көшшелілері ғұндар сияқты «жаяуыз» түрінде жолығады. «Заман әділетінде» «Айдағар балықты өзен сыйбасынан» (龙鱼河图) нақыл алып «Чыюң ағайынды сексен бір, олар хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір иық болышты, құм жейді екен, әскери қару-жарақ жасағ, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырыш-жояды» дегендегі [14]. Батыс Азиядан терістік Африкаға дейінгі өңірлерде де ерте заман адамдары адам басты жануар денелі адамдар туралы азыздар таратады, сурет салып, мүсіндер ояды. Ғалымдар бұларды осы өңірдің адамдары жылқы мінген терістік көшшелілерін алғаш көргенде шығарған қиял-ғажайыш деп тұжырымдайды. Ендепе, жоғардағы Чыю туралы азы да осыған үқсайды. «Хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір иық» – астына жылқы мінген, басына дулыға, үстіне сауыт киген байырғы сақтардың жауынгері. Олардың «құм жеуі» – терістікте, құмды далада жасайтындығы. «Әскери қару-жарақ жасағ, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырыш-жояды» дегенде де атам заманнан терістік көшшелілеріне телініп келе жатқан ерекшелік екендігі белгілі. Ал адам бас, хайуан денелі болуы – аттың үстінде жүруі.

Құмарұлы Я. Қөшшелілер және Қытайдың орта жазық...

Сонымен Қытайдың орта жазығына көлік жылқысы терістік қөшшелілері арқылы келді. Ол ғана емес, қытай тіліне жылқы дегенді білдіретін «ма» (马) деген сөз де терістік қөшшелілерінен қабылданды.

Жылқының түркі тілдеріндегі аталуы негізінен ұқсас, «ат» немесе «жылқы». Ал, басқа алтай тілді халықтарда басқаша, яғни, монголша «морін», тоңғұспа «мұрін», корей тілінде «мал», жапонша «ұма», осы сөзді алтай тілдерінен қабылдаған қытай тілінде арғы заманғы айтылымы «муаг» (马 -- mwāg), қазіргі ортақ тілдегі айтылымы – ма. Фалымдар Шығыс Азиядағы осы халықтардың жылқыны (атты) атауының байырғы Орта Азиядағы ұнді-европа, орал, енисей тілдері және түркі тілдеріндегі ұқсамауы, бұлардың өзіндік төркінге және мәдениет көрінісіне ие екендігін аңғартады деп қарайды, сондай-ақ осы арқылы жылқының қолда үйретілуі мен көлікке пайдаланылуының Шығыс Азияға қалай келгендейтін түсіндіруге үрынады.

Түркі тілдерінде жалшы көріністік жақтан жылқы атауы монгұл, тоңғұс, корей, жапон, қытай тілдеріндегі (морін/мұрін/мал/ұма/mwāg/ма) жақын болмағанымен, жылқыны басқа алтай тілдерімен төркіндес атайдын Корейлер «мал» десе, түркі халықтары жылқы, сиыр, түйе, қой (епкі) – төрт түлікті қосып жалшы «мал» деп атайды. Монгұлдар малды да, жануарды да «мал» дейді. Бұл да кездейсоқ құбылыш болмаса керек.

2. Жылқыны арбага жегу және мініске міну

Жылқының б. з. б. 2 мың жылдықтың бастарында арбага жегілгендейті жайындағы археологиялық дерек жеткілікті. Бұған Қазақстанның солгүстігіндегі Тобыл өзені аңғарынан байқалған Сынташта мәдениет жүрті дәлел. Сынташта мәдениетінің мезгілі б. з. б. 2200ж. - б. з. б. 1800ж. аралығы деп түрақтандырылған [7, 64-66]. Қазіргі археологиялық деректерге қарағанда, жылқы әуелі арбага жегілген, кейін біртінде мініске пайдаланылған. Сондықтан әуелі арбага қатысты, одан мініске қатысты ат әбзелдері (ер-тоқым) жарыққа шыққан.

Арба: Қөшшелілер Сарыөзен бойына тек жылқының өзін ғана алып келген жок, қайта алғашқы жылқы арбаға жегіліп, арбамен бірге келді. Аңызда айтылатын «Айданар жеккен арбага отырыш, алдында бөрі жол бастап, сонынан аруақ ілесіп келетін» Хуанди, дәл жылқы жеккен арбага отырыш, бөріні жол бастаушы тотем, аруақты қолдаушы еткен терістік қөшшелілері екендігі белгілі. Ұлуды жылқымен байланыстыруышы галымдардың да мол екендігін осы еңбектің бірқанша жерінде баяндадык.

Жоғарыда баяндағанымыздай байырғы Қытай мәдениеті атасы Хуандидің тайпасы Шуанюан (轩辕) деп те аталады. Оның «арба дәртесі» мынада екендігін де жоғарыда айттық. «Tay-teңіз шежіресі · Ішкі құрылық батыс баянында»: «Шуанюан елі, ... адам басты, жылан денелі» деп жазылады [12]. Басы адам, денесі жануар деп бейнелеу атқа мінген терістік

көшпелілерін алғаш көрген басқа халықтардың шығарғаны екендігін көттеген ғалымдар баяндап келеді. Сақтар арбамен көшіп жүретін халық болғаны, олар тұрақты жолы бар отырықты қала-қыстақты елдің аралығында емес, кең дала, сайын сахарада еркін көшіп жүретіндіктен арбасының доңғалағы ұлken, дәртесі биік келетіндігі белгілі. Сақтардың кейінгі ұрпақтарынан Қаңлы (康居国: Каңгу немесе Қаңға елі), Қаңға (高车) тайшаларының атының да арбаға байланысты қойылғандығы көпке белгілі жай. Міне бұл Қытайдың орга жазығындағы арба туралы ең алғашқы азыз ертегілік және тілдік деректік терістік көшпелілерінен болған Хуаңдимен байланысты екендігін ұғындырады. Ал, бұдан басқа да арбаның археологиялық және тарихи деректері оның орга жазыққа терістіктен келгендейін растайды. Арбаның Қытайдың орга жазығына терістіктегі далалық көшпелілерден келгендей – қазір ғылымда біршама тұрақты таным қалыштастырган көзқарас. Ғалымдар арба туралы археологиялық қазбалардан, жартас суреттерінен және тарихи жазбалардан жан-жақты қарастыру, жер шарының жер-жерінен табылған ең байырғы заманғы ат арбаларды өзара салыстыру арқылы, ат арбаның Қытайдың орга жазығына терістіктегі далалық көшпелілерден келгендейін растады. Ал, ат жегілген арба Евразия даласында ең әуелі соғысқа пайдаланылғандығы археологиялық олжалардан да, тарихи жазба деректерден де, жартас суреттерінен де белгілі жағдай. Сондықтан біз бұл арада арба Қытайдың орга жазығына терістіктен барғандығын ғана емес, қайта, сол дәуірде немесе одан ілгері шаңдармен іргелес отырған терістік көшпелілері арбалы әскер ұстады ма дегенге қызығамыз.

Шаң дәуіріндегі сүйек жазуынан бастап армия қытай жазуында «арбамен» (车) қосылған иероглиф 车 арқылы бейнеленген. Іс жүзінде бұл арбаның сол дәуірдің өзінде-ақ ең басты соғыс қаруы екендігін айғақтайды. Демек, Шаң дәуірінің соңғы кезінде Қытайдың орга жазығында армияның басты қаруы арбаға айналуы, арба мен аттың төркіні келген батыс терістікте ат шеккен арбаның одан көп жылдар бұрын басты соғыс қаруына айналғандығын ұғындырады. Бұндай арбалы жасақтардың суреттері терістіктегі жартас суреттерінде сонау Каспийден Қызыр Шығыстағы жапон теңізіне дейін жиі ұшырайды.

Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі сүйек жазуларында ат жегілген арбаның соғысқа пайдаланылуы туралы деректер жолынады. Шаңдардың батыстағы жауы алдымен арбаны соғысқа пайдаланғанын көрсетеді [15, 58].

Кей мамандар Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі әйгілі әскери қолбасшы Фу хауды (妇好) Шаң дәуіріндегі терістіктегі көшпелі елдің (方国) Шаң патшасы У диңге (武丁) ұзатқан қызы, оның жасауларының бір бөлегі – соғыс арбасы мен қабірінен табылған терістік үлгісіндегі қола бұйымдар деп

Құмарұлы Я. Қошшелілер және Қытайдың орга жазық...

қарайды [15, 58]. Шаңдарды аударып тастац, Жоу патшалығын құрган жоулар патшалық құрудан бұрын бір мезет егін шаруашылығынан мал шаруашылығына етіп, терістік қошшелілерімен бірге жасаған. Осы жоулар құрган патшалықтың орга мезгіліне тәуелді жоулардың бір қола бұйымына (师同鼎) Номдармен (戎) болған бір реткі соғыс баяны ойып түсірілген. Бұл археологиялық олжада жоулардың бірі Шы тоң (师同) атты әскер басы номдарға қуа соққы беріп, қыруар олжа түсіргендігі, оның ішінде төрт атты арба, 20 егіз арба барлығы жазылған [15, 59]. Американдық Edward Shaughnessy Шаңдардың арбалары, терістік қошшелілерімен тіпті де жақын араласқан Жоулардан келген болуы мүмкін деп қарайды.

Шаңдардың соғыс арбаларында үш адам болған. Оның бірі – арбапы. Бірі – наизашы, енді бірі – садақшы [16].

Қазақстанның солтүстігіндегі Тобыл өзені аңғарынан байқалған Сынташта мәдениет жұртынан б. з. б. 2200ж. - б. з. б. 1800ж. аралығындағы жауынгерге қоса көмілген екі дөңгелекті арба және жылқының сүйегі табылды [7, 64]. Бұл – қазірге дейінгі дүниедегі табылған тарихы ең үзак арба. Орта Азия аумағында пайда болған ат арба осыдан дүниенің төрт бұрышына тараған. Терістік сахаrasынан арбаға қатысты ерте заман жартас суреттері молынан жолығады. Тарымның шығыс терістігіндегі Құмыл өдірінен б. з. б. 1200 жыл шамасына тура келетін арба дөңгелегі байқалған. Бұл орта жазықтағы шаңдардың қабірінен табылған арбалармен уақыты жағынан қарайлас келеді. Ішкі монгұлдың Чыфың ауданынан (赤峰) Шияжиядан) жоғарғы қабат мәдениетіне (б. з. б. 1000ж - б. з. б. 300ж) тән сүйекке ойылған арбаның көрінісі байқалды [17, 45].

Жоғарыда баяндалғандай, Америка Хавер университетінің докторы Хубо Орта Азияның бактерия-маржиналь мәдениет тобы мен Қытайдың батыс терістігіндегі Чижия мәдениеті Андронов мәдениеті арқылы байланысқан, Шинжияның қола мәдениеті Андронов мәдениетінің орга және соғыс мезгілімен байланысты. Қола құралдары ғана емес, Шинжиянан Андронов мәдениетінің керамикалары да байқалады. Андронов мәдениетінде үй жылқысы және арба болған. Бұл Чижия мәдениеті арқылы орта жазыққа жеткен, Қытайдың қола мәдениеті бесіктерінің бірі Үрліту (二里头) мәдениетіне әсер жасаған деп қарайды [17, 55].

Жылқыны мініске пайдалану. Әдетте Қытайдың орга жазығында жылқы жауласқан бектіктер заманынан кейін (б. з. б. 475 жылдардан кейін) мініске пайдаланылған деп қаралады [18]. Бұл дәуірлерде орга жазықтың терістік жарым шенберін ат-көлікті қошшелілер орап жатқан, оның үстіне Шаңдардың өзі де мал шаруашылығы мен аңшылықты басты кәсіп еткен ел екендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Десе де, орга жазық жерінде жауласқан бектіктер заманына дейін жылқы тек арбага ғана жегілген, арбалы

әскер болған да, атты әскер болмаған. Жауласқан бектіктер заманынан кейінгі Жау Улиқ Уаң кезінде (б.з.б. 325 ж. – б.з.б. 300 ж.) Фулардан (Фулар – байырғы терістік көшшелілерінің жалшы атауы) Фуларша киінш (Фулардан атқа мінуге ебедейлі шолақ тон, ауы бітеге шалбар, нәлілі тері етік, т. б. қабылдаған), атты жасақ құруды үйренеді [19]. Бұл дәуірде ағап ер де, үзенгі де болмаған. Ол кезде орга жазықта жылқы ерекше құнды болған. Батыс Жоу патшалығы дәуірінде (б.з.б. XI ғ.–б.з.б. 771 ж.) бір жылқы мен бір орам жібек бес құлға алмастырылған. Терістіктең Fүндар жасақтарын жылқының түрі түсіне қарай шепке орналастырган жылқы молшылығы кезінде [20]. Орга жазықта мініс жылқысы болғанымен саны ете аз болған. Лиу баң Хан патшалығының патшасы болған кезде (б. з. б. 206 ж.) арбаға жегетін бірыңғай түсті төрт ат табылмаған, би, бек, уәзірлер өтіз арбаға отырған [21].

Хан Уди заманында (б. з. б. 140 ж.) барыш Қыыр Батыстағы Үйсін, Дадуан елдерінен батыс сәйгүліктері үйір-үйірімен айдаш әкелінген [22]. Жылқыны білдіретін «*twag*» қытай тіліне алтай тілдеріндегі «меріннен» қабылданғандығы жоғарыда айтылған-ды, бұл ғалымдар дәлелдеген жағдай. Жылқы міну, жылқының көбеюі орга жазық әскери істеріне зор әсер жасады.

Шаң дәуіріндегі Сүйек жазуынан да терістік көшшелілерінен ат алып келу туралы баяндар жолында [23]. Ал, тарихи деректерден, Чиндердің қосыны негізінен атты жасақ болғандығы, Чиндерді талқаңдаш әкімият құрған Хан патшалығы Чиндер сияқты терістік көшшелілерінің әскери мәдениетін толық қабылдай алмағандығы, алғапында атты жасақ құруға сөл қараң, арбалы және жаяу әскер ұстағандығы байқалады [24].

Жылқыны міну Орга Азиядан дүниенің көптеген мәдениет ошақтарына таралғанымен, дүниенің қайсыбір аумағында болмасын, атты әскер (арбалы емес, атқа мінген) аздаш бар болғанымен, негізгі қосын болмаған. Негізгі қосын арбалы әскер, жаяу әскер болған. Атты жасақтың негізгі әскери қосынға айналуы терістіктең Сақтар мен Fүндардың атты қосындары Евразияны зіл-залаға келтірген заманнан басталды. Сол сияқты Қытайдың орга жазығы өуелі көшшелілерден жылқыны, жылқыны арбаға жегуді, жылқы мінуді қабылдады, онан соң атты арбалы армия, салт атты армия құруды үйренді. Атты, арбалы және салт атты армия құруды ғана емес, арба, ат әбзелдерінен тартыш, тұтас атты армияға қажетті қару-жарактарға дейін терістік көшшелілерінен қабылдады немесе соған сәйкестендіріп отырды.

Жалшы алғанда терістік көшшелілерінен жылқы және жылқы мәдениетін қабылдау Қытайдың орга жазық әскери істеріне төңкерістік бұрылыс ала келді. Тек осындаи болғандықтан ғана Қытай әскери мәдениетін дамытты, ел қуатын құдіреттендірді.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Herodotus, op. cit., 4, 2
2. 史记110卷, 匈奴传.
3. 汉书·乌孙传.

Құмарұлы Я. Қөшпелілер және Қытайдың орта жазық...

4. Шығыс қағанынан шыққан алғашқы төрг қағанның тарихы, 1824 ж. 274-бет.
5. Янушувич, 1979, 191, 6.
6. Калачев, 1860, 292, 6.
7. Уаң хайчың: «Қытай ат арбасының төркіні», Евразия ғылыми журналы, №3, 64- 666.
8. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年。
9. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年。
10. 徐文堪 :《吐火罗人的起源研究》，昆仑出版社，2005年，北京，32页。
11. 张光直 :考古学上所见汉代以前的西北，《中央研究院历史语言研究所集刊》，第2本第1分，1970年，96页。
12. 叶茜 :《中华民族的文化与性格》，民族出版社，2006年，北京，11页。
13. 山海经·海内西经。
14. 韩非子·十过。
15. 世纪正义。
16. Уаң хайчың: «Қытай ат арбасының төркіні», Евразия ғылыми журналы, №3, 64- 666.
17. 山海经·海内西经。
18. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年， 58页。
19. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年， 58页。
20. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年， 59页。
21. 张光直 :《商文明》，辽宁教育出版社，2002年，186页。
22. Уаң хайчың: «Қытай ат арбасының төркіні», Евразия ғылыми журналы, №3, 64-6.
23. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年，45页。
24. 郭物 :《国之大事 — 中国古代战车战马》，四川人民出版社，2004年，55页。
25. «Чүн сүй лу», «Зо чуан. Жау ғұң 25жыл» сияқты тарихи жазбалардан.
26. 汉书94卷，匈奴传。
27. Ханнама 94-бума, Fұн баяны (1)
28. Таң иезы, Сүйек жазуын қызықты түсіндіру (қытайша), Чүнчин, 2004 жыл.
29. Тарихи жазбалар мен Ханнамадағы қатысты мазмұндардан.
30. 张光直 :《商文明》，辽宁教育出版社，2002年，129页。
31. W·M·麦高文（美）著 :《中亚古国史》，中华书局，2004年, 136页。

REZUME

KUMARULY Y. (Urimzhi)
INFLUENCE OF NOMADIC HORSE CULTURE ON THE ANCIENT CHINESE
MIDDLE FLAT CULTURE

The article deals with the influence of nomadic horse culture on the ancient Chinese middle flat culture. Thus there can be seen the old sides of ancient horse culture of nomads especially Turkic nomads.